ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»

Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы, (1-2 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01	Жұма 02
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				«Түлкі мен бөдене» мақсаты: ертегіні оқу шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге машықтындыру, қағаздан ертегі кейіпкерлерін жасауға үйрету	Д/о: «Сиқырлы қалта». Мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.
Таңертенгі жаттығу	№1 комплекс мақсаты: дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. «Басынды еңкейт», «Қолшатыр», «Қолмен секіру», «Бұрылыс», «Еңкейе бұрылу», «Айбынша тік тұру» «Секіру» Тыныс алу жаттығуы: Т. Ф. Виноградова бойынша «Түтікше» (Музыка, дене шынықтыру, қимыл белсенділігі,				
Таңғы ас	«Ас-адамның арқауы». Ас қабылдау кезінде үстелде түзу отырып, қасықты оң қолына ұстап, асты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру. Мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				Ойын «Менің түрлі түсті пішіндерім» Мақсаты:жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтер	Ж. Карбозин «Ойыншық тұлпар» Мақсаты: өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға

				ден ; түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылу бойынша заттардан құруға машықтанды ру түрлі түсті бөлшектерден піші	баулу, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге баулу
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет				**Сөйлеуді дамыту** «Дыбыстар» Мақсаты: балалардың дыбыс туралы ұғымын кеңейтіп, олардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру; сөздегі дыбыстардың орнын ажырата білуге үйрету. Дыбысты анық айту керектігін түсіндіру. Дидактикалық ойындар арқылы сөйлеу тілдерін жетілдіру,ойлау қабілеттерін дамыту; жан-жануарлардың дыбыстарын тыңдап, пәнге деген қызығушы лықтарын арттыру. Д/о: «Менің дыбысы?» **Қоршаған ортамен танысу** Алтын күз Мақсаты: табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту. «Ерте» және	**Дене шынықтыру** 1.Тура,теріс тұрып адымдап, қол ұстасып жүру, жүгіру. 2.Арқан үстімен қолға алма не алмұртты ұстап, тепе- теңдік сақтап жүру. 3.Орнынан ұзындыққа секіру. **Сауат ашу негіздері** «Дыбыс» Мақсаты: Балаларға дыбыс туралы, олардың кейде жуан, кейде жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру. Ойын элементтерін пайдаланып,есту қабі-леттерін, жаттығулар жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетіл-діру; пәнге деген қызы-ғушылықтарын арт-у. Д/о: «Жануарлар қалай дыбыстайды?» **Көркем әдебиет** Халық ауыз әдебиеті.

				«кеш» түсетін күз туралы түсінік беру. Ағаштардың, бұталар дың жапырақтарына, бұтақтары мен жеміс теріне қарай бір-бірі нен ажырата білуге үйрету. Д/о: «Күздің белгі лерін атап бер» Мақсаты: Күздің белгі лерін атауды үйрету. **Музыка** (маман жоспарымен) **Қазақ тілі** Менің ойыншықтарым Мақсаты: ойыншық пен оның түрлерін қазақ тілінде дұрыс атай білуге, қарапайым сөздерді сөйлесу барысында орынды қолдана білуге үйрету. Рөлдік-сюжеттік ойын: «Ойыншық дүкенінде» Фонетикалық жаттығу Қат,қат,қат-қатты Жұм,жұм,жұм-жұмсақ ha,ha,ha-айдahар	Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлері: мақал-мәтел дермен, жұмбақтармен таныстыру; ойын арқылы шығар машылыққа баулу; халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың ұлттық сезімін оятып, оларды кішіпейілділік ке, ізеттілікке, адамгер шілікке, ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** «Кеңістікте бағдарлау» Мақсаты: Балаларды кеңістікте бағдарлануға (алыс-жақын, биік-аласа және т.б.)үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды бекіту. Логикалық ойлауды дамыту.Қоршаған орта-ға қызығушылықты тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен				Ағашты бақылау мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді ажырата	Желді бақылау мақсаты: желдің соғуы оның түрлері мен таныстыру, табиғат

				білу, ағаштарға қамқорлық жасау Еңбек аула сыпырушының еңбегін бақылау «Ұшақтар» мақсаты: балалрдың шапшаңдығын арттыру «Тауық қорадағы түлкі» мақсаты: балаларды дабыл бойынша секіруге жүгіріп ойнауға өз орнын таба білуге жаттықтыру. Дербес ойындар	құбылыстары туралы ұғымдарын қалыптастыру. Еңбек гүлдердің түбін қопсыту «Қояндар мен қасқыр» мақсаты: балаларды кеңестікте берілген белгі бойынша қимылдауға үйрету. «Аттар» мақсаты: қимыл қозғалысын дамыту. Дербес ойындар
Серуеннен оралу	Балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрту, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Белгілі бір ретпен киінуге, өзіне-өзі қызмет жасауға жаттықтыру, «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. «Мысық» созылу жаттығуы арқылы сауықтыру жұмысын жүргізу , «Риждік әдіс» ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды				Ойын: «Қызыл жасыл	Ойын: «Ертегі әнім ермегім»

ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				жапырақтар» Мақсаты: сурет салуда әр түрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты дамыту, әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуге үйрету	Мақсаты: сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру
Балалармен жеке жұмыс				(Сурет салу) Мазмұнды композиция ның бейнесін салу дағдыларын игерту мақсатында Рахымбай Әбілхайырмен жұмыс.	(Жаратылыстану) Жәндіктерді атауды, олар туралы қарапайым түсініктерге ие болуды үйрету мақсатында Асекенова Адинамен жұмыс.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен				«Қармақ салу» ойыны Мақсаты: белгіге тез жауап қайтару дағдысын дамыту, оңай секіру әдісін үйрету.	Еркін ойындар Күзгі жапырақтардан «гүл шоғын» жасау.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Жиенғ
Әдіскер Имангулова А

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы, (5-9 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 05	Сейсенбі 06	Сәрсенбі 07	Бейсенбі 08	Жұма 09
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Менің балабақшам – қуаныш және сүйіспеншілік үйі» видео көрсетілім Мақсаты: Балалардың бақша туралы білімдерін толықтыру. Балабақ шаға деген қызығу шылығын, сүйіспен шілік сезімдерін арттыру.	Суретпен жұмыс: Кім қандай қызмет атқарады? Мақсаты: Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылық тарын арттыру.	Д/о: «Сен менің бір бөлігімсің» Мақсаты: Балаларға берілген зат суретінің бөліктерін бөліп көрсету мен атауды үйрету,ойлау қабілет терін дамыту.	«Түлкі мен бөдене» мақсаты: ертегіні оқу шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге машықтындыру, қағаздан ертегі кейіпкерлерін жасауға үйрету	Д/о: «Сиқырлы қалта» Мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.
Таңертенгі жаттығу	№1 комплекс мақсаты: дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. «Басыңды еңкейт», «Қолшатыр», «Қолмен секіру», «Бұрылыс», «Еңкейе бұрылу», «Айбынша тік тұру» «Секіру» Тыныс алу жаттығуы: Т. Ф. Виноградова бойынша «Түтікше» (Музыка, дене шынықтыру, қимыл белсенділігі,				
Таңғы ас	«Ас-адамның арқауы». Ас қабылдау кезінде үстелде түзу отырып, қасықты оң қолына ұстап, асты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру. Мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ф.Оңғарсынова «Үй жақсы ма, балабақша жақсы ма?» Мақсаты: балалардың назарын кітаптың	Ойын «Түрлі түсті бөлшектер» Мақсаты: сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық	Д/о: «Ұлттық киімдерді ата» Мақсаты: балалардың ұлттық киімдер жайлы мағұлматтарын кеңейту.	Ойын «Менің түрлі түсті пішіндерім» Мақсаты:жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтер	Ж. Карбозин «Ойыншық тұлпар» Мақсаты: өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға

	безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару, қызығушы лығын арттыру	қабілеттерді дамыту, сюжеттік композиция лар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, түрлі-түсті бөлшектерден үлгідегі суретті құрастыру		ден ; түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылу бойынша заттардан құруға машықтанды ру түрлі түсті бөлшектерден піші	баулу, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге баулу
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүру, жүгіруге, бағытты өзгерте жүру, жүгіру, және шашырап жүгіруге жаттықтыру. Ж.Д.Ж. мен негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындау барысында тұлғаның дұрыс дамуын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Қақпан», «Орныңды тап» **Сөйлеуді дамыту.** Сөз. Сөйлеу түрлері. Мақсаты: сөйлеу- тек қана адамға тән әрекет екенін түсіндіру. Сөздерді дұрыс қолданып, ойларын ашық айтуға, бір-бірі не сұрақтар қойып, жауап беріп, жүйелі сөйлесуге талпындыру.	**Сауат ашу негіздері** Сөйлем Мақсаты: балаларға сөйлем туралы түсінік беру,өз ойын дұрыс жеткізуге жаттықтыру; дидактикалық ойындар арқылы ойлау,есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ұқыптылыққа, мәдениет тілікке тәрбиелеу. Д/о: «Тосынсый» Тапсырмалар орындау. 1-тапсырма: «Қуыршаққа сұрақ қою» 2- тапсырма: Сөздерден сөйлем құрау. **Музыка.** (маман жоспарымен) **Математика негіздері** «Заттардың қасиеті» Мақсаты:баланың даму деңгейін, пішін және түс туралы түсінігін анықтау; заттардың қасиеттері туралы	**Дене шынықтыру** 1.Тізені сәл бүгіп, баяу қарқынмен жүгіру. 2.Шығыршықтан-шығыршыққа екі аяқпен секіру. 3.Көлбеу қойылған тақтай үстімен еңбектеп жүру. 4. Қ/о: «Қақпан» **Сауат ашу негіздері** «Сөйлем. Сөз». Мақсаты: балалардың сөйлем,сөз туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтып, сөйлемді дұрыс құрауды үйрету. Сөздік қорларын мол-у Құстарға қамқорлық жасауға, табиғат аясында өздерін дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Д/о: «Құстарды құтқарамыз» **Көркем әдебиет** «Алтын күз» өлеңін жаттау М.Әлімбаев. Мақсаты: балалардың	**Сөйлеуді дамыту** «Дыбыстар» Мақсаты: балалардың дыбыс туралы ұғымын кеңейтіп, олардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру; сөздегі дыбыстардың орнын ажырата білуге үйрету. Дыбысты анық айту керектігін түсіндіру. Дидактикалық ойындар арқылы сөйлеу тілдерін жетілдіру,ойлау қабілеттерін дамыту; жан-жануарлардың дыбыстарын тыңдап, пәнге деген қызығушы лықтарын арттыру. Д/о: «Менің дыбысы?» **Қоршаған ортамен танысу** Алтын күз Мақсаты: табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту. «Ерте» және	**Дене шынықтыру** 1.Тура,теріс тұрып адымдап, қол ұстасып жүру, жүгіру. 2.Арқан үстімен қолға алма не алмұртты ұстап, тепе- теңдік сақтап жүру. 3.Орнынан ұзындыққа секіру. **Сауат ашу негіздері** «Дыбыс» Мақсаты: Балаларға дыбыс туралы, олардың кейде жуан, кейде жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру. Ойын элементтерін пайдаланып,есту қабілеттерін, жаттығулар жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; пәнге деген қызығушылықтарын арт-у. Д/о: «Жануарлар қалай дыбыстайды?» **Көркем әдебиет** Халық ауыз әдебиеті.

	Д/о: «Өз ойынды айт» **Математика негіздері.** Жиынтық. Біреу және бірнеше Ортақ қасиеттері бойынша заттарды топтарға біріктіру. Мақсаты:жиынтықтың бөлігінің жеке зат та бүтін топ та бола алаты- ны туралы түсініктерін қалыптастыру; бір затты ғана емес,заттардың бүтін тобын жиынның бір бөлігі ретінде белгі-лейтін «бір»сөзіңің мағынасын түсіндіру. «Жиынтық»еліне қонаққа бару. «Қонақ келді» ойыны **Сурет салу.** Күзгі жапырақтар. Мақсаты: балаларды «түс», «жылы түстер» ұғымымен таныстыру; жапырақтың пішіні мен бөліктерін талдату; түсті бере білуге үйрету.	түсінігіндамыту №1 суретте балалар санайды, пішін мен түстерді көреді. №2 ойын жаттығуы. №3есеп заттарды түсі мен саны бойынша бөлу. №4 «Мынау қандай зат екенін тап» ойын. **Қоршаған ортамен танысу** Таңғаларлық әртүрлілік Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту. Тірі және өлі табиғат нысандарын, адам қолымен жасалған заттарды байқай және айыра білуге үйрету. Д/о: «Тірі және өлі табиғат» Мақсаты: тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білуге үйрету. Д/о: «Жақсы және жаман»	жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту,күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғатқа қамқорлық жасауға,оны аялауға тәрбиелеу. Сурет арқылы бала-лардың сөздік қорын дамыту. Д/о: «Гажайып қап» **Қазақ тілі** Балабақша Мақсаты: балабақшада істелінетін қимыл-әрекеттерді дұрыс атап, шағын сөйлем құрай білуге үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстар кездесетін сөздерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Қызықты ойындар арқылы тіл үйренуге деген ынталарын арттыру. Д/о: «Кім дүкенге кетті? Фонетикалық жаттығу Бақ,бақ,бақ –бақша Мі,мі,мі-әдемі Ты,ты,ты-қабатты	«кеш» түсетін күз туралы түсінік беру. Ағаштардың, бұталар-дың жапырақтарына, бұтақтары мен жеміс теріне қарай бір-бірі нен ажырата білуге үйрету. Д/о: «Күздің белгі лерін атап бер» Мақсаты: Күздің белгі лерін атауды үйрету. **Музыка** (маман жоспарымен) **Қазақ тілі** Менің ойыншықтарым Мақсаты: ойыншық пен оның түрлерін қазақ тілінде дұрыс атай білуге, қарапайым сөздерді сөйлесу барысында орынды қолдана білуге үйрету. Рөлдік-сюжеттік ойын: «Ойыншық дүкенінде» Фонетикалық жаттығу Қат,қат,қат-қатты Жұм,жұм,жұм-жұмсақ ha,ha,ha-айдаһар	Мақал-мәтелдер, жұмбақтар. Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің түрлері: мақал-мәтел дермен, жұмбақтармен таныстыру; ойын арқылы шығар машылыққа баулу; халық ауыз әдебиеті арқылы балалардың ұлттық сезімін оятып, оларды кішіпейілділік ке, ізеттілікке, адамгер шілікке, ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу. **Математика негіздері** «Кеңістікте бағдарлау» Мақсаты: Балаларды кеңістікте бағдарлануға (алыс-жақын, биік-аласа және т.б.)үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды бекіту. Логикалық ойлауды дамыту.Қоршаған орта-ға қызығушылықты тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	Ауа райын бақылау мақсаты: ауа райы мен климаттық жағдайлардың	Үлкендер еңбегін бақылау мақсаты: балаларды ересектердің еңбегін	Күнді бақылау мақсаты: бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу, соған сай	Ағашты бақылау мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді ажырата	Желді бақылау мақсаты: желдің соғуы оның түрлері мен таныстыру, табиғат

	түрліше өзгеруін бақылау. Еңбек гүлдерді күту «Қояндар мен қасқыр» мақсаты: балаларды кеңестікте берілген белгі бойынша қимылдауға үйрету. «Ақ серек көк серек» мақсаты: құрдастарымен жұптасып ойнауда, шағын топпен ойында қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру. Дербес ойындар	бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру Еңбек ауланы ағаштардан тазарту «Тауық қорадағы түлкі» мақсаты: балаларды дабыл бойынша секіруге жүгіріп ойнауға өз орнын таба білуге жаттықтыру. «Аю мен аралар» мақсаты: балаларды жеңіл етіп жүгіруге дабыл бойынша әрекет етуге жаттықтыру. Дербес ойындар	киінуге үйрету Еңбек құмды үю «Торғайлар мен мысық» мақсаты: ойын шартын бұзбауға үйрету. «Өзіңе жұп тап» мақсаты: белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейін дерін, байқағыштық тарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Дербес ойындар	білу, ағаштарға қамқорлық жасау Еңбек аула сыпырушының еңбегін бақылау «Ұшақтар» мақсаты: балалрдың шапшаңдығын арттыру «Тауық қорадағы түлкі» мақсаты: балаларды дабыл бойынша секіруге жүгіріп ойнауға өз орнын таба білуге жаттықтыру. Дербес ойындар	құбылыстары туралы ұғымдарын қалыптастыру. Еңбек гүлдердің түбін қопсыту «Қояндар мен қасқыр» мақсаты: балаларды кеңестікте берілген белгі бойынша қимылдауға үйрету. «Аттар» мақсаты: қимыл қозғалысын дамыту. Дербес ойындар
Серуеннен оралу	Балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрту, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	Қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Белгілі бір ретпен киінуге, өзіне-өзі қызмет жасауға жаттықтыру, «Кім жылдам» мақсаты тапсырмаларды орындайды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгереді. «Мысық» созылу жаттығуы арқылы сауықтыру жұмысын жүргізу , «Риждік әдіс» ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Дене шынықтыру- сауықтыру жұмысы, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті	Сюжетті рөлді ойын:	Ойын:	Ойын:	Ойын:	Ойын:

(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ойыншықтар дүкені»	«Менің ойыншығым » Мақсаты: ермексаз, сазбалшықтан әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуге үйрету	«Суретші шеберханасы» Мақсаты: түстер мен олардың реңктерін беру үйрету, балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композиция ларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу	«Қызыл жасыл жапырақтар» Мақсаты: сурет салуда әр түрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты дамыту, әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуге үйрету	«Ертегі әнім ермегім» Мақсаты: сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру
Балалармен жеке жұмыс	(Дене шынықтыру) Өздігінен түрлі ойындар ойнауды, ойын ережелерін сақтай алуды үйретуді Алиханмен жалғастыру.	(Сөйлеуді дамыту) Сурет бойынша сұрақтарға жауап беру мақсатында Сулейменова Мереймен жұмыс.	(Математика негіздері) Қарапайым себеп-салдар лық байланыстарды орнату мақсатында Матаева Айдамен жеке жұмыс.	(Сурет салу) Мазмұнды компози цияның бейнесін салу дағдыларын игерту мақсатында Рахымбай Әбілхайырмен жұмыс.	(Жаратылыстану) Жәндіктерді атауды, олар туралы қарапайым түсініктерге ие болуды үйрету мақсатында Асекенова Адинамен жұмыс.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	Қимылды ойын: «Шеңбердегі қасқыр» Мақсаты: ептілікті, жауап қайтару шап-шаңдығын,іс-қимыл дағдыларын дамыту.	Қимылды ойын: «Теңіз баласы» Мақсаты: отырғанда, тұрғанда қолды қимылдатып, дұрыс дене сымбатын қалыптастыру дағды ларын жетілдіру, қимыл үйлесімділігін жетілдіру.	Қазақтың ұлттық ойыны «Алысқа лақтыр» Мақсаты: қапшықты нысанға лақтыру икемділігін дамыту.	«Қармақ салу» ойыны Мақсаты: белгіге тез жауап қайтару дағдысын дамыту, оңай секіру әдісін үйрету.	Еркін ойындар Күзгі жапырақтардан «гүл шоғын» жасау.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Аманж
әдіскер Иманкулова А.П.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: мектепалды тобы «Балбөбек»
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы, (12-16 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 12	Сейсенбі 13	Сәрсенбі 14	Бейсенбі 15	Жұма 16
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. «Қызықты ертегілер» тақырыбында балаларға қандай кітаптар оқуға болатыны жөнінде кеңес беру. «Тұмаудан сақтау жолдары» тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны. "Лото". Мақсаты: балалардың зейінін дамыту. Заттар ды топтастыруға үйр-у Байқампаздыққа баулу. Әрбір бала ортақ атаумен біріккен отбасы мүшелері киімдерінің суреттерін жинайды.	Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз». Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамыту Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары.	Санамақ. Бір дегенім - бесік, Шықтық содан өсіп. Екі деген - елім, Дала, туым, көлім. Үш дегенім - үміт, Үміт артар жігіт, Төрт дегенім - төзім, Төзе білем - өзім, Бес дегенім - бақыт, Бағалайтын уақыт	Д/о: «Сөз тіркесін аяқта» Мақсаты: зат есім мен сын есімге септік жалғауларын жалғап, оларды жекеше, көпше түрде өзгертіп, түрлендіруді үйрету.	«Суретте» ойыны Мақсаты: Ауызша айтылған суретті салуға үйрету, сөздік қорлары дамыту.
Таңертенгі жаттығу	Аяқ сәл алшақ, қол иықта алға, артқа есу. Қолды алға созып, қайшылау. Сағаттың тіліндей иіліп солға бір. Аяқ сәл алшақ, тізелері түзу, аяқтың ұшына қол тигізу, б.қ.келу. Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбаңдайды, адам жүреді. Кілемге жатып аяқты көтеру, велосипед тебу, қалыпқа келу. Жерге жатып, балықша жүзу, қолдарын сермеу, қалыпқа келу. Аяқтың ұшына көтерілу, демді ішке тартып, қайта шығару.				
Таңғы ас	«Ас-адамның арқауы». Ас қабылдау кезінде үстелде түзу отырып, қасықты оң қолына ұстап, асты төкпей-шашпай ішуге дағдыландыру.Мәдениеттілікке, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Шарды үрле» Мақсаты: балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға	Д/о: «Қатты, ақырын, сыбырлап» Мақсаты: балаларға қатты, сыбырлап,	«Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» ойыны Мақсаты: балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту.	«Тез-ақырын» Мақсаты: балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға	«Ойыншықтар достығы» ертегісі

	үйрету.	ақырын сөйлеуге үйрету.		үйрету.	
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Мақсаты: Бір тізбекті сапта аяқ пен қол қимылын үйлестіре кең адымдап, алға және артқа қарай жүруге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып,екі қолмен қағып алуға жаттық-у. II бөлім. Ж.Д.Ж: **Сөйлеуді дамыту**«Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы жайлы білімдерін тереңдету. Отбасы мүшелерінің үйдегі, дастарқан басындағы орны жайлы түсіндіру. Сөздік қорларын, ойларын, тілдерін, жүйелі сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, сыйластыққа тәрбиелеу. Д/о: «Кім жоқ?»	**Сауат ашу негіздері** «Дыбыс» Мақсаты: Балаларға дыбыс туралы, олардың кейде жуан, кейде жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру. Ойын элементтерін пайдаланып,есту қабілеттерін, жаттығулар жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; пәнге деген қызығушылықтарын арт-у. Аудиожазбадан масаның ызылдағанын тыңдату. Дыбыстарды біз айтамыз, естиміз. Дыбыстар әртүрлі болады; олардың кейбіреулері созылады, кейбіреулерін созып айтуға келмейді, кей дыбыстар жуан айтылса, кей дыбыстар жіңішке айтылады. **Музыка** (маман жоспарымен) **Математика негіздері** «Сиқырлы ел». Геомет	**Дене шынықтыру** 1.Кең адымдап алға жүру, қол ұстасып жүгіру және теріс қарап жүру,жүгіру. 2.Еден үстінде жатқан арқан үстімен қолға текше ұстап тепе-теңдік сақтап жүру. **Сауат ашу негіздері**Д/о: «Жануарлар қалай дыбыстайды?» Мақсаты: өздеріне айтқызу арқылы кей дыбыстардың жіңішке, кей дыбыстардың жуан айтылатынын түсіндіру. Саусақ жаттығуы Саны болар оншақты Шашып алдым моншақты. Шымшып, теріп аламын, Қорабына саламын. **Көркем әдебиет** «Сегізбай және тышқан қыз» ертегісі Мақсаты: қазақтың «Сегізбай және тыш қан қыз» ертегісімен	**Сөйлеуді дамыту** Тілдің дыбысталу мәдениеті. [к] дыбысы Мақсаты: [к] дыбы сын анық айтуға жаттықтыру арқылы Отанымыздың атын дұрыс айтуға үйрету. Мемлекетіміз бен оның рәміздері туралы алғашқы түсініктерін қалыптас тыру жұмысын жалғастыру. Д/о: «Дыбысты қарсы ал» Құрамында [к], [к] дыбыстары бар сөздерді айтқанда, балалар [к] дыбысын естігенде қол соғады. **Қоршаған ортамен танысу** Бағдаршам және көлік түрлері Мақсаты: бағдаршамның атқара тын қызметімен таныстыру.Көше жағ дайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағды ларын, зейіндерін дамыту. Жолда жүру	**Дене шынықтыру** **1.Тізені сәл бүге, сәл** отырып,алға ұмтыла жүру. 2.Гим-лық орындық үстімен жүру. 3.Допты жоғары лақтырып,екі қолмен қағып алу. **Сауат ашу негіздері** Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Мақсаты: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстар дың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру; есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету; ертегі тыңда тып, қиялдарын дамыту ой-өрістерін кеңейту. Д/о: «Менің дауысы?» Д/о: «Қуыршақтардың есімі» **Көркем әдебиет** «Маша мен аю»

	Математика негіздері «Не қайда орналасқан?» Мақсаты: Балаларды кеңістікте бағдарлануға (алыс-жақын,биік-аласа және т.б.) үйрету. 10-ға дейін тура санауды бекіту. Логикалық ойлауды дамыту.Қоршаған ортаға қызығушылықты тәрбиелеу. *Д/о: «Нені қайда қою керек?* Мақсаты: Санауға үйрету. Заттардың кеңістіктегі орны жайындағы түсініктер қалыптастыру. **Мүсіндеу** Саңырауқұлақтар Мақсаты: Балаларды жеуге жарамды саңырауқұлақтармен таныстыру және улы саңырауқұлақтарды айыра білуді үйрету. Ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	риялық пішіндер (шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, тікбұрыш, сопақ).Төртбұрышпен танысу. Оны шаршы мен, тікбұрышпен салыстыру. Мақсаты: геометрия-қ пішіндерді атау және ажырату; заттардың қасиеттері- түсі, пішіні туралы түсініктерін қалыптастыру; төртбұ рышпен және оның қасиеттерімен таныс-у. «Пішіндерді бөліп бер» ойыны Пішіндерді топтастыру ды ұсыну. **Қоршаған ортамен танысу** Мен және менің отбасым. Мақсаты: отбасы және оның мүшелері туралы әңгімелеу. Отбасы мүшелерін атай білуге және олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету. Ұйымшылдыққа және үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. *Д/о: «Бізде былай, ал сіздерде ше?»*	таныстыру; балаларды ертегінің мазмұнын түсініп, әңгімелеуге, ертегі кейіпкерлері нің рөліне еніп, дауыс ырғағын келтіріп сахналауға үйрету. *Д/о: «Жер,су, ауа»* «Жер», «су», «ауа» дегенде балалар жердегі, судағы, ауа дағы тіршілік атаула рын атайды. **Қазақ тілі** Түстер Мақсаты: түстердің аттарын үйрету, сөздерді дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру. Әдемі ойыншық бала бақшаны көрсетіп, сұрақ-жауап арқылы үйренген сөздерін қайталату. Фонетикалық жаттығу Қы, қы, қы –қызыл Қа, қа, қа – қара Жа, жа, жа - жасыл	ережелерін меңгерту. *Д/о: «Көлік түрлері қайда?»* **Музыка** (маман жоспарымен) **Қазақ тілі** Менің ойыншықтарым Мақсаты: ойыншық тардың аттарын, түстерді қайталату; өткен сөздерді қолдана отырып ойын шықтарды сипаттауға үйрету; сөздерді анық айтуға жаттықтыру; есте сақтау қабілет терін арттыру. *Д/о: «Ойыншықтар қонаққа келді»* Жаңа сөздерді(жұмсақ қатты, әдемі, сүйкімді үлкен, кішкентай) қимылмен келтіре отырып айтады.	ертегісі Мақсаты: балаларды ертегі тыңдауға, байланыстырып сөйлеу ге , ертегі мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге және жұмбақтарды шеше білуге үйрету; ертегі арқылы балаларды қайсарлыққа, шыдамдылыққа, тапқырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. *Д/о: «Шешуін тап»* **Математика негіздері** 0 саны және цифры. 1 саны және цифры Мақсаты: балаларға 0 мен 1 саны туралы түсінік беру және келесі сандармен таныстыру. Дөп-дөңгелек нөл саны, Кім білмейді ол санды. Ол ұқсайды гүлге де, Дөп-дөңгелек күнге де. Бір саны ма, бір саны Бойын түзу ұстады. Бүтілмейтін ешқашан, Таяқшаға ұқсады. «Жылдам сана»

					ойыны Мысықтың дене мүше лерін атап, оның саны қанша болса, сонша рет қол соғу.
Серуенге дайындық	«Кім жылдам» мақсаты: өзіне өзі қызмет етуге баулу, «Кім шапсаң» ойыны (Қанша тұяқ?, Қанша қап?) баланың логикалық ойлауын дамыту, «Сандардың сырлары» ,«Қанша бала?» мақсаты: сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?», «Саны бойынша қайсысы?» сұрақтарына жауап беруге үйрету (Қораған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту, Математика негіздері, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Серуен	**Желді бақылау** Желдің неліктен соғатынын түсіндіру. Жел-бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдік тердің қозғалысына қарап анықтауды үйрету (күшті, әлсіз; әлсіз жел жапырақты ақырын тербетеді, түсіп жатқан жапырақты сәл ғана жылжытады; күшті жел-ірі бұтақтарды шайқалтады, ағаштар дың жапырақтарын жұлады). Өлі табиғат құбылыстарына қызы ғушылығын тәрбиелеу балалардың ақыл-ой, тіл белсенділігін дамыту.	«Жел мен жапырақша лар». Әр түрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу. Еңбектену әрекеті Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау. Балаларды тапсырыл ған іске тыңғылықты қарауға үйрету. Жұмысты тату жасау, бір-біріне көмектесу. «Жел» сөзіне анықтама айт. Тәжірибе: Шардың желін шығару. Қорытынды: Жел дегеніміз-кейде қатты, кейде баяу горизон-тальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.	**Күнді бақылау** Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына, қалай қыздыратынына аудару. Күннің қай уақытында күн көзі қатты қыздырады және неліктен? Күннің орны мен күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту (күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады) Табиғатқа деген байқағыштығын, білуге құштарлығын, сүйіспеншілігін дамыту.	Қимыл-қозғалыс ойын «Бұлт пен күн» Батылдыққа, қауіптілік тен құтылу мақсатын дағы жұмылу қабілеті не тәрбиелеу, еркін дамыту. Еңбектену әрекеті. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшыл дықпен жұмыс жасау ға, бір-біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындау ға үйрету. Еңбексүй гіштікке тәрбиелеу.	**Бұлтты бақылау** Балаларға бұлттар деген не екенін, олардың неліктен аспанда бірде ақырын, бірде тез жылжыты нын түсіндіру.Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйткиді. Бұлттар қозғалысы ның жел күшімен байланысын айтуға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойын «Біз көңілді балалармыз» Балалардың қозғалыс белсенділігін, ойын тәртібін орындай білуін дамыту.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				

Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру; тамақтану мәдениеті тәрбиесі бойынша жеке жұмыс , этикет ережелері;				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырып төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз. Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тоңамыз, жаз дегенде керілеміз.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Тігінші» Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгіме лей білуге дағдылан дыру. Балалардың коммунактивті дағды ларын арттыру, бір-бірі мен диалог арқылы сөйлесуге үйрету.	«Қаздар» ойыны Мақсаты: балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігі мен таныстыру.	Д/о: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыла рын дамыту.	Ертегілер еліне саяхат «Қызыл телпек» ертегісі Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекет теріне баға беруге баулу.Өтірік айтпауға, үлкенді сыйлауға, қамқор болуға, жамандық жасамауға тәрбиелеу.	Д/о: «Жол әліппесі» Мақсаты: балаларды көшеде жүру ережесі мен жүргіншілерге арналған жол және сызылған белгілермен таныстыру.
Балалармен жеке жұмыс	(Жапсыру) Жолдасов Абдуллаға бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастыруды және желімдеуді үйрету.	(Жаратылыстану) Бауырымен жорғалау шыларды, олардың сыртқы құрылысын және қозғалу әдістерін меңгерту мақсатында Алмасханұлы Алихан мен жұмыс.	(Көркем әдебиет) Ойында әдеби бейнелерді қолдануды Бауржан Айшуаққа үйрету мақсатында жұмыс.	(Дене шынықтыру) Негізгі қимылдарды орындаудың қимыл дық дағдыларын және техникасын меңгерту мақсатында Мереймен жұмыс.	(Математика негіздері) Садибекова Анарға жасалған әрекеттердің көмегімен түрлі мәселелерді шешудің әдістерін табуға көмектесу.
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	К/о: «Тырналар-тырналар»	«Кімнің құсы алысқа	«Епті бол!» ойыны.	Қазақтың ұлттық	«Саңырауқұлақ

	Мақсаты: бұйрықты тыңдап, оны түрліше жылдамдықта орындау ды, зейінділікті, белгіге тез жауап қайтаруды үйрету.	ұшады?» ойыны. Мақсаты: ептілікті дамыту.	Мақсаты: зейінді дамыту, допты лақтыруға және қағып алуға жаттығу.	ойыны «Орамал» Мақсаты: белгіге тез жауап беру икемділік терін дамыту, жүгіру дағдыларын жетілдіру ептілікке баулу.	терушілер» ойыны. Мақсаты: жылдам бұрылып, бытырай жүгіруге жаттықтыру, кеңістікте бағдарлау дағдыларын дамыту.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексеруге жіберілді
Әдіскер Иманкулова А.Т.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы, (19-23 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі19	Сейсенбі 20	Сәрсенбі 21	Бейсенбі 22	Жұма 23
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Пазл ойыны Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын, зейінін, көру жадын, жинақтауды, ақпаратты жинай және талдай білуді қалыптастыру.	Пазл құрастыру: «Ұзын құлақ сұр қоян»	EQUILIBRIO ойыны Бес қабатты мұнара құрастыру. Мақсаты: түрлі геометриялық пішіндерден бес қабатты мұнара құрастыру.	ЛЕГОЛИНО ойыны Мақсаты: - бөлшектен бүтінді құру логикасын түсіну; - бүтіннен бөлшекті көре ал, талдау, синтез жасау процесін дамыту.	Д/о: «Бақшада ма, бауда ма?»
Таңертенгі жаттығу	Аяқ бірге, қолдарын алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. Қол белде, оңға, солға иілу. Отырайық жүрелеп,Гүлді үзіп алайық. Орнымыздан түрегепБасқа гүлге барайық. Қолдары белде.Оң аяқпен бес рет, сол аяқпен бес рет секіру. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет»				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Саусақ жаттығуы «Доп» Айналдырғын добынды Қытықтасын қолынды. Енді көтер партадан, Жаса солай қайтадан.	Тіл жаттығуы: Ағайынды аралармыз, Еңбек үшін жаралғанбыз. З-з-з-з-з Шырын ізден күні бойы Гүл бақшаны	«Жаман ара» Қалмай ұшып соңынан, Ара куды Мұратты. З-з-з-з-з Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты.	«Шар жарылды» Мақсаты: дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру.	«Менің балабақшам» өлеңін жаттау

		аралаймыз. З-з-з-з-з	З-з-з-з-з		
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**1.Дене шынықтыру** **Мақсаты:** Заттардың арасымен жүру, жүгіруге, заттардан аттап жүруге және секіруге жаттықтыру. Көлбеу қойылған тақтай үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге, секіртпемен еркін секіруге үйрету. I бөлім. Жүру, жүгіру, денені қыздыру. II бөлім.Секіртпемен орындалатын жаттығулар. Қ/о: «Ормандағы қояндар» Мақсаты: ептілікті, шапшаңдықты , ұқыптылықты дамыту. **2.Сөйлеуді дамыту** Тілдің дыбысталу мәдениеті. [ғ] дыбысы Мақсаты: ана тілімізге тән дыбыстарды, атап айтқанда [к],[ғ] дыбыс тарын анық айтуға, сөз ішіндегі орында рын дұрыс табуға үйрету. Д/о: «Қатты, жай» Ойын тәртібі бойынша «қатты» дегенде [к] дыбысын,	**1.Сауат ашу негіздері** Сөз Мақсаты: балаларға сөз туралы, сөздің дыбыс-тардан құралатыны туралы түсінік беру, жұмбақ шешкізіп, ертегі тыңдату арқылы дүниетанымдарын кеңейту; жеке дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықты ру арқылы анық сөйлеу ге төселдіру. **Д/о: «Сөз құра»** Даусы жоқ дыбыстарды даусы бар дыбыстармен біріктіріп,сөз құрау. **Д/о: «Қарсы мағыналы сөз айт»** Мақсаты: қарсы мағна лы сөздерді тапқызу. **2.Музыка** **3.Математика негіздері** 3 саны және цифры. 3 санының құрамы. Кеңістікті бағдарлау: арасында, ортасында. Мақсаты: балаларды 3 цифрымен және санымен таныстыру; көрнекі түрде 3 санын шығарып алуға үйрету; «ортасында», «арасында» кеңістік ұымдары туралы	**1.Дене шынықтыру** 1.Аласа заттарды аттап, бір-бірінің артынан адымдап жүгіру. 2.Секіртпе ұстаған қолды жоғары көтеріп, гим-лық орындық үстінен аяқтың ұшымен тепе-теңдік сақтап жүріп өту. **2.Сауат ашу негіздері** Буын Мақсаты: балаларға буын туралы түсінік беру; сөздерді баяу айта отырып, буынға бөлуге үйрету. Д/о: «Сөз ойла» Тәрбиеші допты бір балаға береді, ол бір сөз айтып, допты қайта береді. Суретпен жұмыс: Балалар тауға гүл теруге барған екен. Әдемі гүлдерді тере-тере, Қарлығаш басқа балалардан ұзап, адасып кетіпті. -Балалардың Қарлығаш ты қалай іздеп жатқа нын тыңдайық: -Қааар-лыыы-гаааш. -Балалар Қарлығаштың атын неше бөлікке бөліп шақырды? **Д/о:**	**1.Сөйлеуді дамыту** «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» Ы.Алтынсарин Мақсаты: ертегіні оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Суреттерді пайдаланып әңгімелеу ге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. **«Ұйқасын тап»** 1.Асығады жұмысқа Белі қылдай ..... (құмырсқа) 2.Өрмек тоқып көрмекші, Кіп-кішкентай ..... (өрмекші) **Д/о: «Жұмбақ сурет»** Үстел үстінде төмен қаратылып жатқан суретті бір балаға атын ататпай сурет-тетеді, балалар оның қай құс екенін табады. Әңгімені оқып беріп мазмұны бойынша сұрақ-жауап жүргізу. **2.Қоршаған ортамен танысу** Байланыс құралдары Байланыс қызметі түрлерімен таныстырып олардың атау ларын меңгерту. Балалардың жас шамасына қарай	**1.Дене шынықтыру** Мақсаты: Ойын тапсырмаларын орындау барысында қалыпты тепе-теңдік сақтап,аяқты тізеден жоғары көтеріп жүруге, жүгіруге жаттықтыру. Допты домалату және лақтыруға жаттықтыру; бір орында тұрып, екі аяқпен жоғарыда ілініп тұрған затқа қолдың ұшын тигізіп секіру. **2.Сауат ашу негіздері** [а]дыбысы мен әрпі Мақсаты: балаларды А әрпімен таныстыру; айтылу ерекшелігіне назар аударта отырып, «ата» сөзіне дыбыстық талдау жасату; жаттығу жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру. **Д/о: «Әріптерді сыйлаймыз** Мақсаты:[а] дыбысынан басталатын сөздерді табуға жаттықтыру.

	«жай» дегенде [ғ] дыбысын айту керектігін түсіндіру. **3.Математика негіздері** 2 саны және цифры. 2 санының құрамы. «+», «-», «=» таңбалары Мақсаты: балаларды 2 цифрымен таныстыру, көрнекі түрде 2 санын шығарып алуға үйрету «2» көлде шалқиды, Аққу болып қалқиды. Сұлу мойнын иеді, Өз қадірін біледі. «Көңілді тапсырмалар» ойыны **4.Жапсыру** Көкөністер,жемістер-күз сыйлықтары. Мақсаты: Жемістердің пішінін және оларға тән ерекшеліктерді бере білуді үйрету.Қағазбен, желіммен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру. «Жақын - алыс»ойын	түсініктерін қалып-у Сандар қатар құрады, Тақта алды- тұрағы. Екіден соң ылғи да, Үш деген сан тұрады. «Алмалар» ойыны Тақтада қызыл, сары, жасыл түсті 3 алма. Қызыл, сары, жасыл алманың саны қанша? Ортасында қандай алма тұр? **4.Қоршаған ортамен танысу** Күз сыйы Мақсаты: табиғаттағы өзгерістер туралы балалардың түсінік терін қалыптастыру. Күн мен түннің ұзақ тығы, ауаның темпера турасының өзгеруі, жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы және т.б. білім негіздерін меңгер те отырып, есте сақтау қабілетін, зейіндерін дамыту. Д/о: «Сен жасыр, біз табамыз» Шарты: балалар көзде р3н жұмып отырады. Белгі бойынша бір бала жеміс, көкөніс муляжда ры салынған табақтан біреуін алып, артына тығып тұрады және	**«Достарды іздейміз»** **3.Көркем әдебиет** «Түлкі мен тырна» ертегісі Орыс халық ертегісі Мақсаты:Балаларды ертегілермен таныстыруды және мазмұндай білуге үйретуді жалғастыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Ертегі желісі бойынша әр кейіпкерге мінез-құлқына,жасаған істері не сипаттама беру. **4.Қазақ тілі** [ə] дыбысы мен әрпі Мақсаты: қазақ тіліне тән дыбыстардың болатыны туралы түсінік беру, [ə] дыбы сын дұрыс айтып жаттықтыру; ойлау қабілеттерін арттыру. Д/о: «Не жоқ?» Ойын шарты бойынша барлық бала көздерін жұмады, бір бала шығып, өзі қалаған бір ойыншықты жасырып, балалардан «не жоқ?» деп сұрайды.Балалар жоқ ойыншықты дұрыс атаса, табылған	компьютер туралы қарапайым түсінік беру, оны пайдалану ережелерімен таныс тыру, бастаған ісін аяғына дейін тыңғы лықты аяқтауға, зейінді, шыдамды болуға тәрбиелеу. Д/о: «Телефон» **3.Музыка** (маман жоспарымен) **4.Қазақ тілі** Менің отбасым Мақсаты: отбасы мүшелерін қазақ тілінде дұрыс атауға үйрету; тіл үйренуге қызығушылықтарын арттыру. Отбасы мүшелерінің суреттері салынған үйді көрсету. -Мынау-менің үйім. Менің үйімде атам, әжем, анам, әкем, ағам әпкем, інім, қарында сым бар. Мен бәрін жақсы көремін. «Біздің шаңырақ» Атамнан басталар, Әжемнен қосталар, Отбасым мыналар: Ең жақын адамдар. Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар.	**3.Көркем әдебиет** «Әдептілік» Мақсаты: тыңдап, талқылай білуге үйрету. Сыпайы сөздерді бекіту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. Үлкенге де сіз! Кішіге де сіз! Бар адамды құрметтеп, Бас иеміз біз! -Осы сөздерді бір сөзбен қалай айтуға болады? -Бұл сөздер не үшін керек? Д/о: «Қуыршақты сыпайы, әдепті сөйлеуге үйретеміз» **4.Математика негіздері** Салмақ туралы түсінік Заттардың салмағын салыстыру. Мақсаты: заттың салмағы (ауыр, жеңіл) туралы түсінік беру; белгілі бір өлшем бойынша заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру; заттарды әртүрлі тәсілдердің көмегімен бағалауға

		сипаттай ды.Балалар атын атайды.	ойыншықты сөреге апарып қояды.	Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін, еремін.	үйрету. «Не ауыр?» ойыны
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Қанша болса сонша. Қандай сан болса, сонша қимыл көрсету»	Ойын: «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау)	Табиғатта жаман ауа райы болмайды. (жұмбақтар)	Д/о: «Суреттерді топтастыр»	Д/о: «Қыс – Ана жұмбақтары»

Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1.Жерде жатқан арқан, жіптің үстімен тура және оң (сол) бүйірмен жүру. 2.Бөрене не гимнастикалық орындық үстімен допты оң жағынан еденге соғып жүріп өту. 3.Жерде жатқан баспалдақтың екі жақтауынан ұстап, еңбектеп жүру. **Сөйлеуді дамыту** «Жануарлар мен құстар қалай қыстайды» №1 Мақсаты: қыстайтын құстардың тіршілігі туралы түсінік беру; қыстағы табиғатта болатын маусымдық өзге-мен таныстыру; қыстайтын құстарды қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу Табиғаттағы өзгеріс тер туралы әңгімелесу -Қыс айларын атаңдар? -Қыста табиғатта қан дай өзгерістер бола ды? (аяз,қар, су қата ды, жәндіктер ұйқыға кетеді, күн қысқарып, түн ұзарады) Д/ойын (сұрыптау) «Жыл құстары мен қыстайтын құстар»	**Сауат ашу негіздері** [У] дыбысы және әрпі Мақсаты: [У] дыбысы және әрпімен таныстыру; екі дыбысты буындарды оқытуды үйрету; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. «Ту», «уық», «тау», «су», «ау» сөздерінен ортақ дыбысты табуларын сұрау, «У» әрпі мен таныстыру. Балалар қызыл түсті жіппен «У» әрпін жазады. Кестеге «А» әрпі қойылады, балалар екі әріпті қосып оқиды (ау, уа) Д/о: «Артық сөзді тап?» [У] дыбысына келетін сөздер оқылады, балалар артық сөзді табады: уық, уыз, қауын, ту, тау, алма, ау. **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Математика негіздері** 2 саны және цифры Мақсаты:2 саны және цифрымен таныстыру. Д/о: «Ғажайып дорба» Тәрбиеші дорбадан әр түрлі көкөністер мен жемістерді (муляж, суреттерін) біртіндеп	**Дене шынықтыру** 1.Шығыршық ішінен тура және оң және сол бүйірімен өту. 2.Арақашықтықтары 50 см жерде жатқан 5-6 жіптен оң,сол аяқпен секіру. 3.Кедір-бұдыр тақтай үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту. Қ/о: «Мерген» **Сауат ашу негіздері** [О] дыбысы және «О» әрпі Мақсаты: мақал-мәтелдерінің астарлы мағынасын түсінуге үйрету; ертегі мазмұны бойынша сызба құрастыруға үйрету; [О] дыбысы және «О» әрпімен таныстыру. Жұмбақ Сақинаға ұқсайық, ұқсайды оған қай әріп? [О] – дауысты дыбыс, сондықтан қызыл текшемен белгіленеді. Сөздің басында және ортасында кездеседі: орақ, тор, жол, орамал, от, орындық, орын, т.с.с. Қысқа буынды сөздерді оқу, талдау: ок, ор, бор, тор. **Көркем әдебиет** «Мен оны кешірдім»	**Сөйлеуді дамыту** Жануарлардың қысқы тіршілігі Мақсаты: жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру; қыста жануарларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Жануарлар туралы жұмбақтар жасыру. Жануарлардың сурет тері бойынша әрқайсы сына сипаттама беру. **Қоршаған ортамен танысу** «Қоғамдық орындарда ғы тәртіп ережесі» Мақсаты: Жүйелі сөйлеуді дамыту. Өз ойын анық дәл жеткізуді үйрету. Қоғамдық орын дардағы тәртіп ереже сін бекіту. Сыпайлыққа тәрбиелеу. Сұрақтар: -Ережелер деп нені айтамыз және олар не үшін қажет? -Қоғамдық орындар деп нені айтамыз, онда белгілі бір тәртіп ереже лерін сақтауқажет пе? -Көшеде қандай ереже лерді сақтау қажет? Автобуста ше? Балабақшада ше? Дүкенде ше?	**Дене шынықтыру** 1.Жәй,өкше,аяқтың ұшымен жүру, өкшемен шырқ айналу. 2.3-4 м қашықтықты көзді жұмып жүру. 3.Гимнастикалық орындық үстімен допты сол жағынан жерге соғып өту. 4.Қ/о: «Бәйге» **Сауат ашу негіздері** [М] дыбысы және әрпі Мақсаты: жұмбақтар ды шешу арқылы бай ланыстыра сөйлеуге үйрету; [М] дыбысы және әрпімен таныс тыру; дыбыстық тал дау жасауға үйрету; салыстыруға үйрету; ұзын-қысқа, биік-ала са ұғымдарын қайта-у Жұмбақ «Менде» бар, сенде» жоқ. (М) Д/о: «Кім жылдам?» [М] дыбысы кездесе тін сөздер ойлау. Ондағы [М] дыбысын орнын (сөздің басында, ортасында, аяғында) анықтау. **Көркем әдебиет** «Жаман» әңгімесі В.Осеева Мақсаты: жақсы мен жаманның мағынасын

	О/б: балалар 4-5тен топқа бөлініп, жыл құстары мен қыстай тын құстарды бөледі. **Математика негіздері** 1 саны және цифры Мақсаты: 1 саны және цифрымен, «биік», «аласа» ұғымдар беру; ағаш бөліктерін пайдалана отырып, құрастыру іскерлікте рін дамыту. 1 санымен таныстырып, 1-ге ұқсайтын заттарды (тіреу, бағана, ілгек) атауды ұсыну. Балалар түйме лер және тоқуға арналған ұзындығы 15-20 см түрлі-түсті жіптер арқылы 1 санын үстел үстінде жазады. Соңы нан қарындашпен 1 санын дәптерге жазад Балалармен «биік», «аласа» ұғымдар туралы, бөлмедегі заттарды салыстыру арқылы түсіндіру. **Сурет салу** «Қардағы іздер» Мақсаты: қыстайтын құстардың тіршілігі туралы білім беруді жалғастыру; шығармашылық қабілеті мен	алып, 2 санымен таныстырады. Балалар заттарды санап, әрқайсысының саны 1-ден, ал жұп заттардың саны 2 екенін анықтайды, оларды салыстырады. Д/о: «Екіден сенде не бар, тап!» Балаларға өз бойлары нан қандай дене мүшелері екіден екенін көрсетуін, айтуын сұрау «екі көз, екі құлақ, екі қол, екі аяқ). **Қоршаған ортамен танысу** Суретші мамандығы Мақсаты: суретші мамандығымен таныстыру. Қыс түсісімен табиғатта болған өзгерістерді байқауды және сипаттауды үйрету. Байқағыштық ты және сын есімдерді, синонимдерді, антонимдерді іріктей білуді дамыту. Д/о: «Айтыңдар: қандай?» Балалардың міндетісұрақтар арқылы қыс қы табиғаттың сұлулығын аша отырып, қыс туралы барынша жақсы әңгімелеу. Мысалы: Қыс қандай?	М.Төрежанов әңгімесі Мақсаты: достық туралы түсініктерін қалыптастырып, әңгіменің мазмұнын ашу; бірбірімен тату, кешірімді дос болуға тәрбиелеу; мақал-мәтел, ойын арқылы ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту, шығармашылық ізденіске талпындыру. «Мен оны кешірдім» М.Төрежанов әңгімесін оқып беру. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қою. Д/о: «Менің досым» Жетелеуші сұрақтар қойып, достары туралы сөйлету. **Қазақ тілі** [h] дыбысы мен әрпі Мақсаты: қазақ тіліне тән [h] дыбысы туралы түсінік беру, анық айтуға жаттықтыру; Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Ойыншық айдаһарды көрсетіп, «айдаһар» сөзін айтқызып, [h] дыбысы туралы түсінік беру, анықтап айтқызу, h әрпімен таныстыру. Фонетикалық жаттығу ha,ha,ha -айдаһар ha, ha, ha– жиһаз	-Қоғамдық орындарда қатты дауыстап сөйлеуге, жүгіруге және айқайлауға болмайды. -Көлікте карт адамдарды, балалы әйелдерді, мүгедектерді алдымен өткізуді және оларға орын беруді ұмытпа. Адамдарды итермелеме және басқа адамдарға сүйкенбе. -Қоғамдықорындарға балмұздақ пен және басқа өткір иіс шығаратын немесе үгітілетін азық- түлік пен кіруге болмайды. -Циркте, кинотеатрда концерт жүріп жатқанда ас жемеңдер **Музыка (маман жоспарымен)** **Қазақ тілі** Жиһаз Мақсаты: жиһаздар туралы түсінік беру; жиһаздардың атауларын қазақша айтып үйрету; қазақ тіліне тән [ү], [ө], [қ], [h] дыбыстарын дұрыс айта білуге жаттықтыру. Суретпен жұмыс: үстел орындық, айна, төсекбұл жиһаздар. Фонетикалық жаттығу Жи,жи,жи– жиһаз	түсіндіру; әңгіменің мазмұнын айтуға үйрету; жаман істерден аулақ болуға тәрбиелеу; балалардың сөздік қорын дамыту. Д/о: «Жақсы-жаман» Жақсы-жаман істерді бейнелейтін іс-әрекеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді: *ағаштың бұтағын сындырып жатқан бала; *құстың ұясын бұзған бала; *ұя жасап, ағашқа ілген бала. **Математика негіздері** 3 саны және цифры Мақсаты: 3 саны және цифрымен таныстыру, кері санауға үйрету; төртбұрыш пен шардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге баулу. Балаларға Қарлығаш тан хат келгенін хабарлап, оқып береді. «Қымбатты балалар! Менің үш балапаным бар, олардың әрқайсысы бір-бірден дәнтауып алды. Ортаға қойып санады. Неше

	қиялын дамыту. Балалар саусақтың көмегімен аққағаз бетіне жануарлардың іздерін салады.	Ауа қандай? Қар қандай? Ұлпа қарлар қандай? Ағаштар қан дай? Аспан қандай?	Д/о: «Өз ойыншығың ды тап»	Үс,үс,үс-үстел Төтө,тө-төсек Д/о: «Бұл не?» Кабинеттегі жиһаздар дың аттарын атау.	дән болды деп ойлай сыңдар?» Үлестірмелі ұсақ заттарды санау. 1+1+1=3 екенін қорытып шығарады.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Ауа-райын бақылау.** Жансыз табиғатта балаларға қыс жөнін дегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру. Желтоқсанда ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа райы бұлың ғыр,, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның темпе ратурасы нөлден төмен. Қаңтарда күн көбейеді, айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаш тарға қырау тұрады. Ақпанда күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады. Жаңылтпаш	**Ауа-райын бақылау.** Қ/о: «Кегліні құлат» Мақсаты: кегліні құла та отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенді лікке тәрбиелеу. Еңбек Қардан демалыс орнын тазарту. Мақсаты: өзінің іс-әре кетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбек ету ын тасына тәрбиелеу. Д/о: «Ауа-райы» сөзі не анықтаманы ірікте» (Қарлы, аязды, суық, күн шуақты, желді және т.б.) Тапсырма: балаларға қар бетінде жүріп өту ді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну. Ырым Қыс жылы болса – жаз салқын болады.	**Қар басуын бақылау.** Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараң ғыланады және қар түсе бастайды; аспан нан жапалақтанған тас қыны ұшқандай сезіле ді (ұлпа, ақ, жеңіл). Жан-жағымыз қозға лысқа толған және тыныштық. Қар жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды. Қар кесек телген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлау ды, елестетуді дамыту. Жансыз табиғаттың құбылысына қызығу шылығын тәрбиелеу. Жұмбақ Үстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар)	**Қар басуын бақылау.** Қ/о: «Қармен аулау білу» Мақсаты: балаларды қардан айналудан, (ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қар ды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. Еңбек Қардан қарлы дуал жасау. Өз бетінше шана, жәшіктер, ағаш күрек тер дайындау. Қоғам дық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі кел тірмеу. Қиыншылық тарды жеңе білу. Д/о: «Қар қиыршықта рын қарастыр» Қармен тәжірибе. Стаканға қар салып топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қорытынды жасауға	**Желді бақылау.** Балаларға қыста жел дің суық өткір екенін түсіндіру. Флюгер түтіннің бағы ты ағаш бұтағының қозғалысы бойынша желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету. Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету. Жұмбақ Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі, Адамзат ол нәрсені көрмес көзі. Жансызды қимылда тып жанды қылар, Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі. (жел) Қ/о: «Екі аяз» Мақсаты: икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылы ғын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.

	Қыс қыспаса қыс па, Күс ұшпаса күс па?			үйрету.	
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрту, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ертегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар (2-3 минут) Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырып төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз. Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тоңамыз, жаз дегенде керілеміз.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау және та ғы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны «Қалаға саяхат» Мақсаты: туған қаласы туралы білімдерін бекіту, онда кімдер тұрады, еңбек етеді т.б. меңгерту.	Д/о: «Кім көп біледі?» Мақсаты:есте сақтауын; заттар туралы білімдерін молайту; тапқырлыққа тәрбиелеу.	Саусақ жаттығуы Момақанмын,алайда, Тікенім көп,абайла. Кіріп кетсе қолыңа Өкпелеме, жарай ма?	Д/о: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.	Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты Табанымды мұздатты Мұз ойылып кетті де Күліп едік біз қатты.
Балалармен жеке жұмыс	(Мүсіндеу) Халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларынигерту мақсатында Райымбекпен жеке жұмыс.	(Жаратылыстану) Тіршілік иелеріне аяушылық, жанашырлық танытуда Жолдасов Абдулламен жұмыс.	Бауржан Айшуақпен таныс ертегілердің мазмұнын айтуға,кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету мақсатында жұмыс.	(Құрастыру) Өзінің құрылыстары мен ойнауды меңгерту мақсатында Жұмабек Жанайыммен жеке жұмыс жасау.	(Сөйлеуді дамыту) Тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдануды үйрету мақсатында Сағынышпен жұмыс
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				

Серуен	Қ/о: «Соқыртеке» Мақсаты: бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру. Шапшаңдыққа баулу.	Қ/о: «Жел» Мақсаты: қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.	Қ/о: «Әртүрлі доптарды лақтыру» Мақсаты: иық бұлшық етін, зейінін тұрақтылығын дамыту.	Қ/о: «Кім шапшаң?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға тәрбиелеу.	Қ/о: «Жер,су,ауа» Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерілді Ағанұ
әдіскер Ыманкулова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл желтоқсан айы, (05-09 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі 05	Сейсенбі 06	Сәрсенбі 07	Бейсенбі 08	Жұма 09
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау тағы басқа әрекеттер)	«Қазақстан жануарлары мен құстары» слайд көру.	Жорамал: Ағашқа қырау түссе, аяз болады. Тұман болса, күн жылынады.	Д/о: «Мүсінші» Мақсаты: топтағы құрдастарымен өзара татулыққа баулу.	«Автотұрақ» (конструктор) Мақсаты: құрастыру материалдарын дұрыс пайдалана білуге жаттықтыру.	Ойын атрибуттары. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншық тары.
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тіземен қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/о: «Керекті сөзді тап»	Д/о: «Карта құрастыру»	«Бір тал кессең, он тал ек!»	Саусақ жаттығуы «Кірпі»	Құрылыс ойындары: «Құстарға ұя жасаймыз»
Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** 1.Таспамен толқын тәрізді қимылдар жасау	**Сауат ашу негіздері** [Ә] дыбысы мен әрпі Мақсаты: [Ә] дыбысы	**Дене шынықтыру** 1.3-4 м қашықтықты көз жұмып жүріп өту.	**Сөйлеуді дамыту** «Жануарлар мен құстар қалай қыстайды?»	**Дене шынықтыру** 1.Еденге салынған тақтай бойымен

	2.Аяқтың ұшына көтеріліп таспаны жоғары сермеу. 3.Қолды төмен түсіріп, , аяқты алшақ қою, оң қолды жоғары көтеріп, сол қолды арт жаққа с-у 4.Қолды екі жаққа созып, аяқты алшақ қою. Оңға бұрылып, сол қолды оң қолға тигізу. 5.Қ/о: «Төмпешіктен төмпешікке» **Сөйлеуді дамыту** «Қотыр торғай» қазақ халық ертегісі. Мақсаты: ертегі мазмұнын әңгімелеуге үйрету Ертегіні сахналату арқылы тіл байлықта- рын жетілдіру, сөйлесу барысында сұрақ қойып оған дұрыс жауап беру ге сөздерді орнымен қолдана білуге жаттық тыру. Ертегі тыңдауға деген қызығушылықта рын ояту, қиялдарын дамыту, жұмбақ шешкі- зу арқылы ой-өрістерін кеңейту. Д/о: «Жұмбағымды шеш» Мақсаты: Кейіпкерлерді сипаттауға үйрету. **Математика негіздері** 4 саны және цифры Мақсаты: 4 саны және цифрымен таныстыру; 4- ке дейін тура және кері санауға үйрету.	мен әрпімен таныстыру; дыбыстық талдауға үйрету; антоним-қарама-қарсы мағыналы сөздер туралы түсінік беру; тілін дамыту, антоним сөз дерді пайдалану арқылы сөздік қорын тереңдету. [Ә] дыбысы-дауысты, жіңішке дыбыс. Сөздің басында, ортасында кездеседі. Қызыл тек шемен белгіленеді. Д/о: «Қарама-қарсы сөз ойла» Балаларға бірнеше сөздерді айту, ал бала лар оған мағынасы қарама-қарсы сөздерді атайды: биік – аласа; алыс – жақын; батыр – қорқақ;басы – аяғы. **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Математика негіздері** 5 саны және цифры Мақсаты: 5 саны және цифрымен таныстыру; есте сақтау қабілетін дамыту; өзара көмекке достыққа тәрбиелеу. «Бес саусақ» Ал санайық,санамақ, саусақтарға қарап-ап. Қане,қане,санайық,	2.Жерде созылып жатқан қызындығы 50 см жіптен екі аяқпен оң, сол бүйірмен секіріп өту.(5-6 жіп) 3.Допты оң,сол қолмен жерге соғу. 4.Теннис шаригін қалақпен қағу. **Сауат ашу негіздері** [С] дыбысы мен әрпі Мақсаты: [С] дыбысы мен әрпімен таныстыру; өз ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру. Жаттамақ Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолың жу. Тазалықтың досы-су дегеніміз осы. Жұмбақтар Еш тесікке тұрмайды, ол жоқта жер құрғай ды (Су) Қия шыңнан құлайды, тасты бұзар арыны. Ақ жалданып тулайды, құлақ жарар сарыны. (Сарқырама) [С] дыбысы дауыссыз екенін және көк түсті текшемен белгіленеті нін түсіндіру. **Көркем әдебиет** Ә.Дүйсенбиев «Қыс» өлеңі Мақсаты: Ә.Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттату;	М.Гай Мақсаты: туған өлкенің табиғаты мен жан-жануар , құстарымен таныстыру. Туған өлкеміздің табиғатына қамқорлықпен қарап, қорғауға үйрету. Д/О: «Жасырынған жануарды тап» Түсіндірме: -Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігінде біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан кейбір жануарлар қысқа азық жинайды. Мысалы: тиін ағаштың қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез өрмелеуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы саңырауқұлақ, жаңғақтарды ағаш қуыстарына жинайды. Қыста соларды қорек етеді. Қасқыр, түлкі- жырт қыш аңдар. Олар өздері нен әлсіз жануарларды ұстап қоректенеді. Д/о: «Дауысынан таны» **Қоршаған ортамен танысу** «Жауыз аңшы туралы аңыз»(тау мен дала аңыздары) Мақсаты: Шығарманың идеясын түсінуге үйре ту.	тапсырманы орындай жүру. 2.Гимнастикалық қабырғаның бірінен екіншісіне оң жаққа қырындап өрмелеу. 3.20 см биіктіктен төменге секіру. Қ/о: «Соқыртеке» **Сауат ашу негіздері** [Ң] дыбысы мен әрпі Мақсаты: [Ң] дыбысы мен әрпін таныстыру, оның сөздің басына келмейтінін түсіндіру. [Ң] дыбысының дауыс сыз дыбыс екенін білу; балалардың есту дыбыстау қабілетін жетілдіру, ой-өрісін дамыту. Жұмбақ Қайсы әріп,қасарып, көнбейтін болуға бас әріп? (Ң) Д/о: «Көлеңке» Жаңылтпаш «Ң»-ды айта алмай, «Н»-ға өшікті Тайқарбай **Көркем әдебиет** С.Шаймерденов «Инет» әңгімесі Мақсаты: С.Шаймерденовтың «Инет» әңгімесімен таныстыру, мазмұнын әңгімелеуге үйрету; үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге, оларға көмек көрсетуге

	«4 саны айналдырып қойған орындыққа ұқсайды». Сөрелерге тізілген най түрлері салынған сурет ке балалардың зейінін аударту. Балалар сөре нің жоғарғы және төмен гі бөлігінде қанша нан тізілгенін санайды (3=3) Содан кейін біреуін қосып немесе алып санайды, салыстырады. Балалардың назарын геометриялық пішіндерге: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрышқа аударады. Д/о: «Не жасырылғанын тап?» **Мүсіндеу** Торғай Мақсаты: мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін меңгер ту, ұсақ қол қимылда рын дамыту. Ермексазды үш бөлікке бөлу;кішірек ермексаз ды дөңгелектеп басын жасау; үлкенірек кесек ермексаздан денесін мүсіндеп, басына жапсыру; кішірек ермексазды дөңгелек теп алақан арасына салып жалпақтап, құйрық пішініне келті ріп денесіне жапсыру.	санын біліп алайық. Біреу,екеу,үшеу, төр теу,бесеу-қолымдағы саусағым нешеу? Тура және кері санау, 5 санының құрамы. Бес цифры, оның баспа түріндегі таңбасымен таныста ру. 5 цифрын жазу. Д/о:«Заңдылығын тап» Мақсаты: логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту. **Қоршаған ортамен танысу** Балалардың қуалама ойындары. Мақсаты: балаларды әр түрлі халық ойын дарымен таныстыру. Балалардың ой-өрісін кеңейту, бұрын үйрен ген санамақтарын бекіту. Сөйлеуді, ойлауды дамыту. Ойындар не үшін қажет? (Ойындар үйре теді,демалуға және тынығуға, достасуға көмектеседі, төзімді лікті және дене бұл шықеттерін дамытады) Ойындар неге үйретеді? (достық қарым-қатынасқа, түсі нісе және келісе білуге	қыс мезгіліндегі табиғат көрінісіне, оның ерекшеліктеріне тоқта лу, қысқы еңбек түрі мен ойнайтын ойын дарды атау; өлеңді зейін қойып тыңдауға, өлеңге ат қоя білуге үйрету. Д/о: «Кім жылдам?» Балаларға қысқы және жазғы еңбек түрлерін атауды ұсыну. **Қазақ тілі** Киіз үй Мақсаты: балаларға қазақ халқының ежелгі баспанасы-киіз үй туралы түсінік беру; жабдықтарының қазақ тіліндегі аталуын үйрету; қазақ халқы ның ежелгі тұрмысы туралы білуге деген қызығушылықтарын ояту; ұлттық тұрмыс бұйымдарына құрмет пен қарауға тәрбиелеу. Киіз үй жабдықтары мен таныстыру (шаңырақ, кереге, уық, текемет, сандық, кілем) сөздерінің мағы насын түсіндіру. Фонетикалық жаттығу Ақ,ақ,ақ-шаңырақ Ық,ық,ық-уық	Сөйлемді дұрыс жә не саналы құра білуге үйрету. Төзімділікке, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. Балаларды мәтінмен таныстырмас бұрын оларға аңыз дегеніміз не екенін түсіндіру. -Аңыздан нені үйренуге болады? Аңызды оқып беріп, мазмұны бойынша сұхбаттасу. Анықтама. Аңыз-шынайы тарихи оқиғалар не-се көрнекті тұлғалар туралы хикая Сипаттық белгісі-кейіп кердер мен оқиғаларды дәріптеу. **Музыка** **Қазақ тілі** Менің көшем Мақсаты: жаңа сөздерді пайдаланып, сөйлем құрай білуге үйрету; есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; жол ереже сін үнемі сақтау қажет тігін ұғындыру. Суреттен көшеде кездесетін заттарды көрсете отырып атта рын атайды. -Мынау-көше.Көшеде жол, бағдаршам, аялда ма, ағаш, үй, балабақша бар. Фонетикалық жаттығу Бағ,бағ,бағ-бағдаршам	тәрбиелеу. Әңгімені оқып беру, мазмұны бойынша сұрақтар қою. -Тек отбасы мүшеле рін ғана емес, басқа да достарымызға, көрші мізге, қарт адамдарға көмектесуіміз керек. **Математика негіздері** 6 саны және цифры Мақсаты: балалардың қарапайым математи калық түсініктерін қалыптастыру. Балаларды 6 санымен цифрымен таныстыру. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту арқылы санамақтар, жұмбақтар, логикалық есептер шығару арқы лы білімдерін дамыту. 6 санымен таныстыру. «Шалқан» ертегісін еске түсіру.Ертегіде шалқанды жұлып алу үшін кімдер көмекке келеді (Ата, әже, қыз, күшік,мысық,тышқан) ретімен орналастыру. Логикалық есептер шығару Д/о: «Қандай пішін жетіспейді?»

		үйретеді)		Тоқ,тоқ,тоқ-тоқта Ше,ше,ше-көше	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Желді бақылау.** Тәжірибе. Желдің күштілігін анықтау. Әр түрлі белгілері бойынша (жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықты ру, қай бағытта екенін анықтау. Тапсырма. Желдің қалай ысқыратынын тыңдау. «Жақсы-нашар» Табиғаттағы қарама-қайшылығын, құбылыс тың біркелкі еместігін, жанды және жансыз өзара байланысын, тілді дамытуды, ойлауды, көре білуге үйрету (желдің ықпалымен өтіп жатқан өзгерістер ді, жағдайларды атау ұсынылады-жағымды және жағымсыз). Еңбек Мақсаты:балаларды бала-бақша ауласын дағы жолдарды тазар туға және сыпыруға үйрету; еңбек құралда	**Аспанды бақылау.** Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірле рін байыту(таза, тұтас тай бұлттармен жамыл ған). Аспан қыс басын да тұтастай бұлттар мен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады. Балалардың жансыз табиғат жөнін дегі пікірлерін ұлғайту Жұмбақ Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын, Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын. Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін, Іші кең бәрін салса толмайтұғын. (аспан) Қ/о: «Ұйымдастырушылар» Мақсаты: бір-бірініңқолдарын алып, шең бер бойынша қозғала білуге үйрету; спорт тың көрсетудегі қозғалыс түрі бойын ша шеше білу және оны атау. Ойынға	**Аспанды бақылау.** Қ/о: «Кім бұтаға бұрын жетеді?» Мақсаты: шапшаңдық тарын, бұталарды айыра білу икемділігін дамыту. Еңбек Бақшаның қатарларын қармен толтыру. Мақсаты: жүйекте өсе тін өсімдікке құрмет пен қарауға және нақ ты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мән ділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын). Еңбек ету талабына тәрбиелеу. Д/о: «Жұмбақты шешу» Мақсаты: қыста жан сыз табиғат жөніндегі білімдерін нығайту, ойлауды, шығармашы лық белесті дамыту.	**Күннің көзін бақылау.** Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру. Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлың ғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтері леді, бірақ жылытпай ды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары, күн ұзарады. Қадағалауды, әуесқой лықты, көңіл бөлуді дамыту; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту. Таңертең, күндіз және кеш бейім делуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата білу. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек. Жұмбақ Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды	**Күннің көзін бақылау.** Қ/о: «Хоккейстер» Мақсаты: қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейім деу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір бірімен араласа білуін жетілдіру. Еңбек Қар тоқтатуға дайындық.Жөндеу. Мақсаты: тәрбиеші мен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қаты суын қамтамасыз ету. Д/о: «Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды» Мақсаты: нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету.

	рын қолдана білуін нығайту, оларды таза лықта және тәртіпте ұстау.	қатысуға ынтасын тәрбиелеу.		(күннің көзі)	
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрту, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ертегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Көзімізді ашайық,Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимыл ды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Не неден жасалған?» Мақсаты: балаларды заттардың болмысын білдіретін: ағаш, шыны, метал, тас, балшық, ре зеңке,пластмасса, мақта жүн,тері материалдары мен таныстыру	Дьенештің логикалық блоктары Мақсаты:баланың даму деңгейін,пішін, сан, түс, көлем туралы түсінігін анықтау және логикалық ойлау қабі леттерін дамыту.	Д/о: «Нені жұбы болады» Мақсаты: қандай зат тардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту.	Сюжетті рөлді ойын: «Азық-түлік дүкені» Мақсаты: балаларды еңбекке, еңбекті құрмет тей білуге, сыпайыгер шілікке, адалдыққа баулу.	Ертегілер елінде «Қотыр торғай» Мақсаты: ертегіні сахналату арқылы тіл байлықтарын дамыту; сөздерді орнымен қолдана білуге жаттық тыру
Балалармен жеке жұмыс	(Көркем әдебиет) Ой қиялын дамыту мақсатында ертегі айтқызу: Мерей, Алиша	(Құрастыру) Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атау ды Айдаға үйрету.	(Сауат ашу) Сөздерге дыбыстық талдау жасатуда Жанайыммен жұмыс	(Математика) Геометриялық фигура-ларды Әбілхайырға таныстыруды жалғас-у	(Сөйлеуді дамыту) Жаңылмай жаңылт паш айтайық Магжанмен жұмыс
Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	Қ.ұ.о. «Таяқ лақтыру» Мақсаты: затты алысқа лақтыру икемділігін арттыру.	Қ/о: «Қарақшы казақтар» Мақсаты: жергілікті жерде бағдарлау икем	Қыстың белгілері тура лы жұмбақтар: (жел, қар, қыс, мұз, қырау, суық)	Қ.ұ.о. «Жаяу тартыс» Мақсаты: күш-қуатты арттыру.	Қ/о: «Тартамыз-тартыламыз» Мақсаты: икемділікті арттыру.

		ділігін арттыру.			
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Мекерімді Алмаш
Әдіскер Ыманкулова

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл желтоқсан айы, (12-15 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі12	Сейсенбі 13	Сәрсенбі 14	Бейсенбі 15	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау тағы басқа әрекеттер)	Конструктор құрастыру «Жүк машиналары» Мақсаты: құрастыру материалдарымен таныстыру және жүк машинасын құрастыру ды үйрету.	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» Мақсаты: сөздік қорларын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту.	К/о: «Аю» Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа, алғыр лыққа баулу.	«Ұшты-ұшты» ойыны Мақсаты: ненің ұшаты нын, ненің ұшпайты нын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Кімге не керек?» Қай құрал қай маманға керек.	Адамға ауа да, күннің көзі де, су да қажет. Ойын: «Күн,Су, Ауа»	Үстел үсті ойыны: «Сиқырлы әлем»	Саусақ жаттығуы: «Үй»	
Кестеге сай ұйымдастырылған	**Дене шынықтыру** 1.20 см биіктіктен	**Сауат ашу негіздері** Қ дыбысы мен әрпі	**Дене шынықтыру** 1.Жүру. бірінің	**Сөйлеуді дамыту** «Туған елім-	

іс-әрекет	терендікке секіру. 2.Сол жаққа қарай бір қырындап жүру. 3.Қатар қойылған заттардан «жыланша» айналып аяқтың ұшымен жүгіру. 3.Қ/о: «Қағып ал да, лақтыр» **Сөйлеуді дамыту** М.Дулатов «Қасқыр қысты қалай өткізеді?» әңгімесі Мақсаты: жабайы аңдар, олардың өмірі мен таныстыру. Қасқыр жабайы, жыртқыш аң екендігін ұғындыру, пайдасы мен зияны туралы айту, түсінік беру. Табиғатты қорғауға, жан-жануарларды қорғауға тәрбиелеу. Әңгімені оқып беріп, мазмұны бойынша сұрақтар қою. Түрлі жануарлардың суреттерін көрсете отырып,олардың қысқы тіршілігіне тоқталу. Мысалы: аю-көктемге дейін ұйқыға кетеді, қасқыр, жолбарыс, арыстан, т.б. өздерінен ұсағырақ аңдармен қоректенеді. Д/о: «Қандай жануар»	Мақсаты: сурет бойынша[Қ] дыбысы мен әрпімен таныстыру, дыбыстық талдау жасауға үйрету. [Қ] дыбысы– дауыссыз дыбыс,көк текшемен белгіленеді. [Қ] дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. Жаңылтпаш Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па? Қарға,қарға,қарғалар, Қар үстінде жорғалар. «Ұшты-ұшты» ойыны Мақсаты: тез ойлау қабілеттерін дамыту. **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Математика негіздері** 8 саны және цифрын қайталау. Мақсаты: 8 санына дейін сандарды қайталап еске түсіру.7 санына 1-ді қосып, 8 санын алуға болатынын, неше бірліктен құралатынын түсіндіру. Тақтаға сым темірде қонып тұрған құстардың суреттерін іліп қойып, астына сандар ретпен беріледі. Бала	соңынан бірі жүгіру. Орындықтардың арасымен жүру. 2. «Моторды оталдыр» жаттығуы. 3. «Ұшақ болып ұшамыз» жаттығуы. 4.Орнында тұрып қос аяқтап секіру. 5.Гимнастикалық тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өту Қ/О: «Ұшақтар». **Сауат ашу негіздері** [Р] дыбысы мен әрпі Мақсаты: [Р] дыбысы және әрпімен таныстыру; есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жұмбақ «Қарда» бар, «мұзда» жоқ, «жарда» бар, «құзда» жоқ. (Р) [Р] дыбысы– дауыссыз дыбыс,көк текшемен белгіленеді. [Р] дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. «Қар» сөзіне дыбыстық талдау жасау. «Р»-ға тілің келе ме? Құрларда құр-деші, жайылып жүр-деші, Біреуі, қарауыл, қарайлап тұр-деші,	мақтанышым» Мақсаты: Тәуелсіздік сөзіне түсінік беру. 16 Желтоқсан тәуелсіздік күні екені туралы айту. Тәуелсіз,егемен деген сияқты сөздердің мағыналарын ұғындыру арқылы сөздік қорларын толықтырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Өлең жолдары арқылы қазақ елінікі екенін баяндау. Өз еліміздің рәміздерін суреттеу. Отанын сүйебілуге тәрбиелеу. Өтілу барысы: Көгінде күн нұрын төккен, Жерінде гүл жұпар сепкен. Неткен сұлу, неткен көркем, Осы менің туған өлкем. Қазақстанның қалалары туралы айту. -Байтақ жеріміздің қандай байлықтары бар екенін түсіндіру. -Көмір,мақта,күріш, ұн,қант,көкөністер мен жемістер, күнбағыс майы т.б. -Олардың қайсысы қай қалалардан шығатынын айту. **Қоршаған ортамен**	

	Математика негіздері 7 саны және цифры Мақсаты: 7 саны және цифрымен таныстыру; тура және кері санауға үйрету; геометриялық пішіндерден(дөңгелек, сопақ, жарты шеңбер) заттардың бейнесін құрастыруға үйрету. Тәрбиеші 7 – жеті зат тың санын білдіреті нін айтады. Аптада 7 күн бар, кемпірқосақ тың түсі де – 7, қазақ халқында 7 саны – киелі болып саналады. Әр жұмада аналары мыз 7 шелпек пісіреді. Балалар 7 санын ауада жіппен және қарын дашпен қағаз бетіне жазып үйренеді, тура және кері санайды. Д/о: «Таныс пішіндер ді ата» **Жапсыру** «Жаңа жылдық шырша» Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үшбұрыш тардан аппликация жасауды балаларға үйрету. Пішіндерді бірінің үстіне бірін сала отырып салыстыра білуді бекіту. Қолдардың ұсақ	лар тура және кері санайды. Осы құстар дың жанына тағы бір құс келіп қонады деп суретін және 8 санын қойып таныстыру. Сегіз таяқшаны пайда ланып түрлі бейнелер құрастыру, геометрия лық пішіндерді атау. Д/о: «Қай сан жоқ?» **Қоршаған ортамен танысу** «Мемлекеттік рәміздер» Мақсаты:Балалардың өз Отаны туралы білімін кеңейтіп, қызығушылығын арттыру. Отан жалғыз, оның әлемдегі ең қымбат дүние екендігі туралы түсінік беру. Балаларға Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет екені туралы түсінік беру, балалар дың Мемлекеттік рәміз дер туралы түсінігін жетілдіру. Балалардың өз Отанын, туған жеріне деген сүйіспен шіліктерін,өз елінің тарихына деген қызығушылықтарын	Ал енді өзің-ақ «Р-р-р- р» деші. «Қатырмақ» ойыны **Көркем әдебиет** «Менің Отаным - Қазақстан» Мақсаты: Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, Туы, Әнұраны туралы түсініктерін бекіту. Балалардың сөздік қорын байыту. Дыбыс- тарды дұрыс айтуға үйрету. Отан туралы көркем шығарма оқу арқылы елжандылық қа, туған жерді қорғау ға, аялауға тәрбиелеу. **Қазақ тілі** Тәуелсіздік күні Мақсаты: балаларға тәуелсіздік күні туралы түсінік беру; байланыс тырып сөйлеуге үйрету Астана қаласымен таныстырып, еліміздің рәміздерін дұрыс атау ға, сипаттауға, құрмет теуге тәрбиелеу. Тәуелсіздік мерекесі туралы түсінік беріледі Қақақстанның картасы, туы,	**танысу** «Туған өлкеде. Тау мен дала жануарлары» Мақсаты:Республикаатау ын, Отан туралы түсінікті бекіту. Туған өлкедегі жануарлар әлемінің кейбір өкілдерімен таныстыру Түсінігін айтуға және сипаттама әңгіме құрастыруға үйрету. Танымдық қызығушы лықты дамыту. Патриоттық сезімді, жануарлар әлемі өкілдеріне деген қам қорлыққа тәрбиелеу. **Музыка** **(маман жоспарымен)** **Қазақ тілі** Көлік түрлері Мақсаты: көліктер, олардың пайдасы туралы түсінік беру; сөздік қорларын молайту, байланысты рып сөйлеуге үйрету. Доппен ойын «Менің досым» Сюжеттік рөлдік ойын «Досыма сыйлық» Достарына қандай сыйлық беруге болаты нын түсіндіру. Фонетикалық жаттығу Үш,үш,үш-үшақ Тік,тік,тік-тікұшақ	

	қимылдарын, клейстермен жұмыс істей білуді дамыту. Дербестікке тәрбиелеу	арттыру.	елтаңбасы бейне ленген суретті көрсетіп әңгімелеу. Рәміздердің суретін іліп, әр бөлігіне тоқта лып, түсінік беріледі.	Ке,ке,ке-кеме Суретпен жұмыс Адамдар көліктермен алыс жерлерге барады. Олармен жүк тасиды.	
-Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	**Терең қар жамылғы сының тереңдігін бақылау** Балалардың көңілін бөлімшенің қай жер лерінде қалың қар жат қанына бөлу. Қанша лықты терең екенін білуін ұсыну. Ұзынды ғының шартты өлшемі мен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру. Балаларға метрді көрсе ту және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңды ғымен бөлігіне көңіл бөлу. Жұмбақ Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал, Малының қисабы жоқ безбенге сал. Сүйегі көктемде емес жерде де емес Жігіттер көңіл қойып ойланыздар. (жауған қар)	**Терең қар жамылғы сының тереңдігін бақылау** Қ/о: «Аяз-Қызыл мұрын» Мақсаты: алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау. (қолың тиген жерде қатырып тастаған жерде тоқтайды). Ойында достықты жән өзара көмекті көрсету. Еңбек Гүлзарда қар тоқтату ды орнату. Мақсаты: қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту (қарды тоқтата ды, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқару да кішігірім тәсілдерді қалыптастыру. Тәжірибелер	**Тайғанақты бақылау** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсін діру.Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тай ғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағ дайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ-бұл мұздың қалың беті, жер қаба тында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайға нақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту. Қ/о: «Ұзын жол бойынша» Мақсаты: мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға	**Тайғанақты бақылау** Д/о: «Бұлар қалай болады?» Мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, анық сөйлеуге үйрету. Еңбек Жолға құмды төгу. Мақсаты: жолға құмды төгуде еңбектің мәнді лігін балаларға түсін діру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағат танушылық сезімін қалыптастыру. Д/о: «Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата» Мақсаты: табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білім дерін анықтау. **Тапсырма.**Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау. Мақсаты: мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айнала ды, мұз қатты, тайғақ, мөлдір,	

	Қ/о: «Қар атыспақ» Мақсаты: жылдамдық қа, дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.	Ашық орынға қараған да, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын бала ларға ойлануды ұсыну. Қорытынды. Бұл орын дарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.	тәрбиелеу. Д/о: «Ауа райы туралы жұмбақтар» Мақсаты: берілген белгілер бойынша жұм бақтар шешуді үйрету.	нәзік). Өздігінен қызмет. Ойын кезінде балалар дың бір бірімен қарым-қатынасын жетілдіру.	
Серуеннен оралу	балалар қолдарын тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу: А.Меңжанова «Тазалықтың досы» ойыны, мақсаты: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуге үйрту, Б. Кірібаев «Сабын жыры» М.Әлімбева «Бұл не?» салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру (Көркем әдебиет, Сөйлеуді дамыту)				
Түскі ас	қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу үйрету, мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту. «Он саусақ» үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды (мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
Күндізгі ұйқы	Ұйықтар алдында кімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға үйрету, досының шешінбегенін байқауға және оған көмегін ұсынуға баулу.«Әжемнің ерегісі» ертегіні мұқият тыңдауға машықтандыру				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық.				
Бесін ас	мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту, ұқыпты тамақтану дағдыларын жетілдіру (Қоршаған ортамен танысу, мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимыл ды ойындар, үстелүсті ойындары, бей нелеу әрекеті, кітап тар қарау тағы басқа әрекеттер)	Сюжетті рөлді ойын: «Қонақты қарсы алу» Мақсаты: балалар қонақ келгенде қалай құрметпен қарсы алуын үйрету.	Ұлттық ойын: «Қамшы алу» Шарты: кім тез қамшыны алады.	Ертегілер елінде: «Күн,жел,ай және жұлдыз» Үнді ертегісі	Сюжетті рөлді ойын: «Жүргізуші» Жолаушы,жүргізуші бола рөлге бөлініп ойнау.	
Балалармен жеке жұмыс	(Көркем әдебиет) Таныс бірнеше шығар маларды атауды меңгерту мақсатында Мағжанмен жұмыс	(Сөйлеуді дамыту) Дауысты,дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтқызуды Әбілхайыр ға үйрету.	(Жапсыру) Пано даярлау туралы ұғымдарды,сәндік ком позицияларды өз ойын ша орындауды Анарға үйрету.	(Қоршаған орта) Қарапайым себеп-сал дарлық байланыстарды орнатуда Бағыммен жеке жұмыс	

Серуенге дайындық, серуен	«Кім жылдам» ойыны мақсаты: өзін ретке келтіруге, өзіне-өзі қызмет көрсетуге баулу				
Серуен	«Бір,екі,үш-аталған ағашқа үш!» ойыны Мақсаты: ағаштарды айыра білу икемділігін дамыту.	Қ.ұ.о: «Балтамды тап» Мақсаты: зейінін, ым дау мен қимылдар бойынша заттың кімде екенін табу икемділігін дамыту.	Қ.ұ.о: «Балапандар» Мақсаты: балалардың зейінін, икемділігін дамыту.	«Аққала» ойыны Мақсаты: қардан қала ның макетін жасау икемділігін дамыту.	
Үйге қайту	Ата аналармен балалардың көңіл күйі, балалар отбасында өздері не істей алатындары, баланың жеке қызығушылығы туралы әңгімелесу, балаларға қандай ертегілер оқуға болатындығы жөнінде кеңес беру				

Тексерген: Аманғ
Әдіскер
Тулкибаева Г.К.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұр-Әли»
Тобы: «Балбөбек» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл желтоқсан айы, (19-23 аралығы)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүсенбі19	Сейсенбі 20	Сәрсенбі 21	Бейсенбі 22	Жұма 23
Балаларды қабылдау	Балаларды таңғы сүзгіден өткізіп, көтеріңкі көңіл күймен қабылдау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға ыңғайлы жағдай жасай отырып, қызығушылығын арттыру үшін жеке ойын ұйымдастыру. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуге машықтандыру. Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге әдеттендіру (Сөйлеуді дамыту, танымдық әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу балалардың жеке ерекшеліктері туралы сұхбаттасу. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимыл ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау тағы басқа әрекеттер)	«Математикалық пазлдар» Берілген қималардан шетінде тұрған сандар ды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру.	«Менің сүйікті ертегі кейіпкерім» сұрақ-жауап.	«Шынығайық- күлейік, ойнап – күліп жүрейік» әңгімелесу.	Д/о: «Ғажайып дорба» Мақсаты: балалардың қолмен сипап сезу әрекеттерін дамыту.	Жұмбақ шешу: Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (Қар)
Таңертенгі жаттығу	«Ысқырғыш»: Бірінен соң бірі сапта тұрып бағыт өзгерте жүру. «Шапалақ»: Бытырап жүгіру.Қолдарын алға, артқа тербету. Оңға бұрылып қолды артқа созу, солға бұрылып қолды артқа созу. Түзу тұрып, аяқты алшақ қойып, қолды шынтақта бүгу: «насоспен» дөңгелекке жел үрлегендей қимылдарп жасау. Арқаға жатып, дене бойымен қолды созу, аяқтарын кеудеге тартып тізеден қолмен шапалақтау, қайта қалыпқа келу.				
Таңғы ас	Балалар қолдарын тамақтың алдында сабынды дұрыс қолданып өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүртуге, орамалды орнына ілуді үйрету, қасықты оң қолмен ұстауға баулу, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету (мәдени-гигиеналық ережелерді орындау дағдыларын бекіту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Құстар - біздің досымыз» туралы сұрау, жауап алу.	Тіл ұстарту Ша-ша-ша Ойын-сауық тамаша Суық ай ғой-қараша.	Суретпен жұмыс «Қай зат неден жасалған?»	Д/о: «Қыс – Ана жұмбақтары»	«Жануарлардың үйшігін құрастыр» (пазлмен)
Кестеге сай	**Дене шынықтыру**	**Сауат ашу негіздері**	**Дене шынықтыру**	**Сөйлеуді дамыту**	**Дене шынықтыру**

